

84Қ23  
Қ52.



ЖЕҢІС  
ҚАШҚЫНОВ

---

**ОН ТОҒЫЗЫНШЫ  
БИІКТІК**



---

ЖАЗУШЫ



# ЖЕҢІС ҚАШҚЫНОВ

ОН ТОҒЫЗЫНШЫ

## БИІКТІК


Поэмалар мен өлеңдер

АЛМАТЫ  
«ЖАЗУШЫ»  
1988

84Қаз7—5  
Қ52

**Пікір жазғандар:**

3. *ТІЛЕУЖАНОВ. Ж. БӨДЕШЕВ.*



**Қашқынов Жәніс.**


Қ 52 Он тоғызыншы биіктік: Поэмалар мен өлеңдер.— Алматы: Жазушы, 1988,—56 бет.

Акын Жәніс Қашқыновтың бұл жаңа кітабына сүйікті Отан мен туған жердің әсем табиғатын суреттейтін өлеңдері, толғаулары енген. Ал, «Оның бакыт жұлдызы», «Он тоғызыншы биіктік» поэмаларында ел бірлігі, халықтар достығы сөз болады.

К 4702230200—093 70—88  
402(05)—87  
ISBN 5—605—00070—5

84Қаз7—5

© «Жазушы» баспасы, 1988



ОНЫҢ БАҚЫТ ЖҮЛДЫЗЫ

Арқа жакқа аттанбай көппен бірге,  
Аялдады Алатау бөктерінде.  
Ақбоз үйде түнімен дөңбекшіді,  
Ой-қиялы ойысып өткен күнге.

Қаршадайдан білмеді ол желігуді,  
Білім алды орыша,  
Нені білді?  
Дара туған Шокандай ұлдарынан  
Жауап күтіп жауаңдап елі жүрді.

Бай манаптан —  
зорлық пен күш көрері,  
Бұқара үшін не көмек істеп еді?

Ресейге қосылып өз еркімен  
Шынғыс, Мұса<sup>2</sup> жөн жолға түскен еді,

Шыға алмаған қысалаң жолдан әлі  
Базбіреулер бұл жәйді қолдамады.  
Содан ба екен,

кім білсін,  
оңайлықпен  
Ел ішінде тыныштық орнамады.

Кемсітуді әрі ұят,  
намыс қылар,  
Қинай берсе,  
қашанға халық шыдар.  
Тығырыққа тірелген қыр қазағын  
Қандай жол бар тұйықтан алып шығар?..

Ұшпабұлт —  
жеңіл-желпі сезімге ермей,  
Құмартып жүрсе де іштен өзін көрмей,  
Қазағын  
Кең даласын аңсап келген,  
Шоқан көңлін Айсара сезінгендей.

Шарықтап кеңістікте нұр құшуға,  
Қос кептер ұмтылмай ма бірге ұшуға:  
— Шоқанның көтерейік көңілін бір,  
Жастарды жина! —  
деді құрбысына,—

Қазақтың ежелден-ақ халқы ұнатар  
Ән-күйі жан-сарайын жарқыратар.

<sup>1</sup> Шынғыс Уәлиханов — Шоқанның әкесі.  
<sup>2</sup> Мұса Шорманов — Шоқанның нағашысы.

Ақсүйек ойынын ойнап,  
серуен құрсын,  
Тербелсін ай астында алтыбақан!

Өспеген қыр төсінде өзі жасық,  
Шықпайтын кеудесінен сөзі тасып,  
Бағалар лайықты тең құрбысын  
Сезімтал,  
Көңілі ояу.  
Көзі ашық.

Танытып дарқан көңіл,  
Жайсаң қылық,  
Далаға қойды әсем ән салдырып,  
Риза тағдырына Айсара да  
Отырған бақыт таңын қарсы алдырып.

Қанша ел,  
шарласа да сырт жұрттарды,  
Есінен атамекен бір шықпады,  
Шоқанның Айсараға ғашықтығы —  
Өз туған даласына ынтыққаны.

Сапардың шыдап ауыр  
азабына,  
Тағдырдың көнді тәлкек,  
мазағына.

Аңсады атамекен,  
кең даласын,  
Ұмтылдықадірлі елі — қазағына.

Сахара баурап алды самалы ескен,  
Шоқан да соған мас боп тана ма естен?  
Омбы мен Петербургтің сұлулары  
Жетпейді Айсараға далада өскен!

Қанатын мейіріне қараған жан,  
Дидарын қызыл шырай орап алған.  
Кірпігі көбелектің қанатындай,  
От шашқан көз үстіне қона қалған.

Зер салып,  
                  аңғарады қойған көңіл:  
Ай маңдай,  
                  алма бетті,  
                                  оймақ ерін.  
Талдырмаш денесіне камзолменен  
Көйлек киген бүрме етек бойға жеңіл.

Еркелесе,  
                  періште бала сынды,  
Сөз сөйлесе,  
                  білмейтін таласуды.  
Құлынның мойнындағы қоңыраудай  
Сыңғырлаған күлкісі жарасымды.

Қыз ба,  
                  әлде, қызғалдақ па көктемдегі?  
Аңсағаны осы ма көптен бергі?  
Семей жақтан Верныйға бара жатып  
Көрді Шоқан ең алғаш өткен жолы.

Жүрегіне қызыл шок тасталғандай,  
Ғашықтықтың дастаны басталғандай.  
Бірден ауды көңілі...  
Айсарадай  
Кездеседі кермиық басқа қандай?

Ат жақты,  
                  өткір көзді,  
                                  княк мұртты  
Шоқанды ой қамады, сұрақ күтті...



Есінен шыққан емес елі бір сәт,  
Жүрсе де туған жерден жырақ тіпті.

Келген жок бұл жолы да еріккеннен,  
Желіккеннен,

немесе зеріккеннен.

Уақыт өз еркінде болса егер,

Дос-жора,  
Келмес пе еді серіктермен?..

Ойлы көз айналасын шолады еппен,

Ұнағанжан сыршыл дос бола кеткен.

Офицерлік әскери киімі де

Тал бойына жарасып қона кеткен.

Қиялға құрық салып қашықтаған,

Керекті білім бағын қасықтаған.

Іште бәрін қорытып,

тұжырымдап

Ойды айтуға шешімді асықпаған.

Серпіліп сөйлей қалса арын қандай?!

Шешен де шендесе алмай жаңылғандай.

Жиырма сегіз жаста өзі,

Сезінеді

Іздегені өмірлік табылғандай.

Әжесінің болса да ерке гүлі,

Қалды бойдан

тым ерте еркелігі.

Омбы менен Петербург қаласында

Салтанатты сарайға ерте кірді.

Петербургқа келгенде ұғынғаны -

Осында екен сусындар білім нәрі.

Ұзақкүндер  
ұмытыпсауық кешті,  
Ілім-білім сырымен шұғылданды.

Арман құсы қанатын жайды мұнда,  
Еркін жүзді білімнің айдынында.  
Ойы озық,  
көзі ашық достары көп,  
Бөлей берді арайлы таңды нұрға.

Петербург өзіне ұнайды анық  
Бір көргеннен сүйді оны құлай қалып.  
Балда болып достарын таң қалдырды,  
Арулармен би билеп шыр айналып.

Инабатты мінезі,  
білімімен,  
Жұрт көңілін аударды биі бірден.  
Сымбатына қызығып сұлу қыздар,  
Қыр қазағы маңына үйірілген...

Әзірге өзіне аян ауырғаны,  
Сезетін ішкі мұңын бауыр кәні?  
Тең келмейтін сияқты Айсараға  
Сылаң сұлу қаланың арулары.

Болса бұрын тым шалғай,  
алыс ірге,  
Құлақ түрді өзіне таныс үнге.  
Тықыршыған тұлпардай елегізіп,  
Көк шалғынды күтіп тұр бақ ішінде.

Жас жігіттің қуанып мақтанары,—  
Бақытына аңсаған тап болары.  
Айсарамен келіскен кездесуде  
Бүкпей бүгін бар сырын ақтарады.

Мазалаған айтарда ойын жырша  
Неге діріл билейді бойын мұнша?  
Шөп сыбдыры естілді,  
Айсара тұр,  
Арт жағына ақырын мойын бұрса.

— Келдің бе,  
                    айналайын,  
                                    аңсағаным,

Жақұтым,  
                    жанға саям, таң самалым.  
Сенің жарқын күлкің мен назды үніне  
Ынтық болып ұмтылды қанша жаным...

Жасырсам,  
Жалған айтсам кешірімші,  
Үміт отын тұтанған өшірімші.  
Бір соғуын тілеймін жүректердің,  
Белді буып келдім мен шешімге осы.

Табайын көңіліңнің қалағанын,  
Осы жолда бәріне бара аламын.  
Құбылмалы құрғақ сөз,  
                                    уәдемен  
Жүрегіңді келмейді жаралағым.

Теңіменен әр адам жұптасады,  
Алға қарай қадамын нық басады.  
Жаны сүйіп ұнаған құрбысынан  
Қалай ғана сытылып,  
                                    сырт қашады?

Қайнап жатқан ғажайып өмірге мен  
Сертке берік қараймын сенімменен.  
Қас қағымдай өмірде қатар жүру,  
Қандай рахат қалаулы теңіңменен.



Алабөтен жаралған зерде, көңіл  
Көрді жұрттың көзімен көрмегенін,  
Әлем сырын қондырып кеудесіне,  
Суретке түсірді жер бедерін.

Билеп келген талай жыл Қоқан елі  
Ыстықкөлдiң зерттеліп жота, белі,  
Қанаттас ел — қырғыздың Манас жырын  
Тұңғыш жазып алған да Шоқан еді.

Ажыратып кей жайды,  
керекті алып,  
Шоқан жиған ғылыми дерек те анық.  
Түрі ұксас болғанмен,  
тұрмыс жайы,  
Қазақ пенен қырғыздар бөлек халық.

Сүйді Шоқан кең дала,  
қызыл гүлді,  
Алтын қазына — жатқа айтып жырын жүрді.  
Елдің сырын,  
тарихын,  
шежіресін  
Ұрпақүшін дәлелдеп ұғындырды.

Не көрсе де бұл халық қажымаған,  
Тарихы бар қанша әлі жазылмаған...  
Жетіп-жетпей жүрсе де  
тауқыметтің  
Талайына шыдаған азынаған.

Үмітінің тұтанған отын жағып,  
Көз жүгіртсе өткенін ақылға алып:  
Байтақ жерін дұшпаннан қорғап қалып,  
Ел бірлігін сақтаған батыр халық.

Жауың жеңіп,  
                    құтылған қорлықтан да,  
Ашылмаған сыр жатыр,  
                    оны ұққанға.  
— Ресейге түсіндір қазақ халқын,—  
Дейтін Достоевский сондықтан да,—

Жаның жомарт,  
                    досыңды шығып алдан,  
қарсы аласың жүзіңмен нұры тамған.  
Замандастан озықсың,  
Европаша  
Сен алғашқы қазақсың білім алған.

Сенің игі қалмасын ісің тұрып,  
Неге жатыр білім мен күшің бұғып?  
Қазақ жайлы Ресей аз біледі,  
Айту керек бұл жайды түсіндіріп!

Ол асықты болашақ нұрлы күнге,  
Замандаспен өмірді сүрді бірге,  
Ресейге қосылып сауат ашар  
Өз халқының тіледі бірлігін де.

Арман күнге арайлы аттағалы,  
Білім алған халқына бақ қонады.  
Өткенін де,  
Бүгінін,  
Ертеңін де  
Азаматқа бүкпесіз ақтарады.

Тек кетпеді қайраты бойындағы,  
Халқы жайлы үміті жойылмады.  
Оның күткен келді ме уақыты,  
Ой-арманы аңсаған орындалды.

Шын азамат

көзінен от көрінген,  
Нажағайдай жарқ етіп өтті өмірден..  
Ол — Шоқан Уәлиханов болып қалды,  
Орын алып тарихтың беттерінен.

Адал ұлын еңбегі сүйікті еткен,  
Халқы сыйлап,

алғысын үйіп-төккен.  
Оның бақыт жұлдызы жымың қағып  
Көрінеді бүгінде биік көктен.

## ОН ТОҒЫЗЫНШЫ БИКТИК

*Екі дүркін Совет Одағының Батыры,  
ұшқыш-космонавт Светлана Савицкаяға*

### I

Жұмбақ боп келе жатқан замандарға  
Заңғар бұл сыр жасырған адамдарға.  
Ғарышқа ұшқан қызын тағат таппай  
Күтумен ана байғұс алаңдауда.

Күндері еске түсіп сонау жылғы,  
Абыржып аяулы ана қобалжулы.  
Жай ғана дірілдейді еріндері,  
Айта ма жүректегі ояу жырды.

Тындаса,  
елжірейді жан дүние  
Халықтың жастан қанық ән-күйіне.  
Бал қызын баурына алып шайқағандай  
Бесік жыр ыңылдайды әлдиіне.

Сүйсе де жаны қалап жастан бәрін,  
Ерекше сынды бүгін аспандағы үн.  
Оңаша отыр ана есіне алып,  
Ғарышқа қалайша жол басталғанын.

### II

Анасы әлпештеуден шаршамаған,  
Алғыр боп өсті қызы қаршадайдан.  
Бірбеткей мінезіне албырт жастың,  
Көргенде,  
таң қалатын барша адам.

Қырмызы қызыл гүлдей құлпырыпты,  
Арайлы балғын жүзін нұр жуыпты.



Мектепте үлгерімі үздік болып  
Аталып жүрді оқушы тыңғылықты.

Талдырмаш қыз бой жетсе тұлғалана,  
Күлімдеп қуанатын нұрлы ана да.  
Ашпайды сырын жұмбақ ешкімге де,  
Тән дерсің қайсарлығы ұлға ғана.


Маужырап көңілінде күн, аспаны,  
Сезімнің осы болар гүл ашқаны:  
Бойында бұла күші атша тулап  
Келеді сілтегісі құлашты әрі.

Алдында тұрса бөгет,  
жота қандай,  
Бәрін де жанартаудай қопарардай.  
«Шіркін-ай, ұшқыш болсам» —  
деген арман  
Жүректе күннен-күнге от алардай.

От алады!  
ұшадықанат қағып,  
Талпынып,  
бала құстай талаптанып,  
Сезімі буырқанған асау аттай,  
Еріксіз бара жатыр тағатты алып.

Түскендей әлдебір ой кеш есіне,  
Шай құйып отырды да кесесіне,  
Кенеттен бір шешімге келген жандай  
Мынаны айтты ол әке-шешесіне:

— Қақкам жоқ өзімді-өзім шеткеруге,  
Көңілдің ауғаны рас көк төріне,  
Қалғаным қатарымнан өлім шығар,  
Жазылам ұшқыштардың мектебіне.





Қызының келіспеді айтқанына,  
Жөн дей ме,  
кім біледі,  
өз қылығын.

Әке де қыз мінезін білген еді,  
Ойлады іштей:  
«Бәлкім бұл үйренеді»,  
Ашылып сыртқа бірақ шығармады,  
Тым-тырыс тына қалды, үндемеді.

Шешімі, ой түйіні жұмбақ бәрі,  
Қызы да үндемеді,  
тіл қатпады.  
Ұшқыштық деген асыл бір арманды  
Мәңгілік кеудесіне құндақтады...

### III

Самолет, парашютте ойы, жаны,  
Соны ойлап,  
Соған ғана бой ұрады.  
Жасынан бір беткейлеу қыз мінезі  
Жабырқап,  
Жасымады, мойымады.

Қайтпады қайсарланып алған беттен,  
Қалықтап көк төсіне арман кеткен.  
Көңілітек биікке ұмтылады,  
Шөліркеп шөл даладай таңдай кепкен.

Жетуге күшін салып құлшынады,  
Талай күн арпалысып тыншымады.  
Көктемгі қызғалдақтай тілегі бар,  
Ашпаған қауыз жарып,  
бүршік әлі.

Ұшудытырысады ұмытпауға.  
Құштарын көңілінің суытпауға.  
«Қуана құшақ жайып қабылдар» — деп,  
Орталық келді аэроклубқа да.

Аспанға шығаратын жолға құмар,  
Жас жанын мазалаған арманы бар.  
Қатпаған бұғанасы қызды көріп,  
Былайша ақыл айтты ондағылар:

— Ұшқыштық еріккендік,  
ермек пе еді,  
Ерліктің,  
батырлықтың ол мектебі.  
Шырағым, аспанға ұшу оңай емес,  
Асықпа, күшің жинап,  
ер жет! — деді.

Жанына қолайсыз жай батады ма,  
Арманға қол созым жер тақады ма?  
Мүше етіп парашютистер үйірмесі  
Алмады жап-жас қызды қатарына.

Жүрсе егер бейжайлықтың жетегінде,  
Ердің де еңбегі еш кетер мүлде.  
Тәртіп пен тастай берік табандылық  
Талайды тұғырына көтерді де.

Еңбексіз жайқала ма өнер гүлі?  
Қиындық...— тек өжеттер жеңер мұны!  
— Ұшуға тиістімін! — деп тіл қатты,  
Алдында комиссияның келер жылы.

Үндемейді,  
бейне бір мылқау бәрі,  
Бұл жолы табылмады сылтаулары.

Кыз түрды алдарында жігерлі, отты,  
Назарын амалсыздан жұрт аударды.

#### IV

Кірісіп жаттығуға құшырлана,  
Нұсқауды,

атқармады ісін шала.

Самғады көк төсінде бұлтпен ойнап  
Меңгеріп самолетпен ұшуды да.

Жанына емді содан табады еппен,  
Көңілін заңғар ғана алаң еткен.

Бір күні әкесіне батыл айтты:

— Ұшамын реактивті самолетпен!

— Жасқа тән талпыныстың бәрі дұрыс,  
Ойыңды дей алмаймын әрі бұрыс.

Қолыңнан келмес сенің,

тұлғаң нәзік,

Емес қой қыз баланың жаны құрыш.

— Көкке өзің тайсалмадың,

жалғыз бардың,

Аспанға жолақ салдың айғыздадың.

Ал, енді реактивті самолетпен

Білмейсің ұшатынын сан қыздардың.—

Дегенде қойды әкесі сөз жарысын,

Сездірмей қарсы қимыл, қозғалысын.

Мінезі тастан қатты,

қуанды іштей,

Қызының арман үшін толғанысын.

Көз ілмей атқызып көп құба таңды,

Әрқашан тыныштықты ұнатады.

«Өмірді балам бөлек бастады» — деп,  
Көңілін күдіксіз-ақ жұбатады.

Қызының сәтті болып әр қадамы,  
Биіктік арбап тұрды алдағы әлі.  
Ғарышқа ұшыратын жаттығуды  
Жұлдызды қалашықта жалғады әрі.

## V

Қуанып жаңалықпен халқын тағы,  
Таңменен радио саңқылдады.  
«Ұшты,— деп — біздің елден сұңқар тағы»,  
Өзіне жұрт көңілін тартып алды.

Білмейді ана сенерін, сенбесін де,  
Үрей мен қуаныш тұр кеудесінде.  
Кескіні көз алдынан кетпей қойып,  
Тағы да қайсар қызы келді есіне.

Занды бір уақыттың жалғасындай  
Күн өтер,  
өтер түн де, алмасып ай,—  
Шын болса заңы егер тартылыстың,  
Ньютонның жерге түсер алмасындай.

Қарсы алар арайлана дала таңы,  
Самалдың сипар жерді алақаны.  
Ғарыштан елге келген қызды жырлап,  
Жар салып туған жер ән таратады...

Болмайды бұған тіпті таңданбауға,  
Анаға қиял мен бұл арман ғана.  
Қасынан қызын көрмей сене қоймас,  
Білсе де таң атарын алдан жаңа.

Ертеңгі болжағандай күн райын,  
Кезеді шарлап ойдың шыңырауын.  
Қызынан хабар күтіп,

ана жанын  
Жегідей жеп барады бір уайым.

Ошақтың былай қалды оты, камы,  
Ермегі — теледидар экраны.  
Көңілі тыныш таппай алабұртып  
Алдында ұзақты күн отырады.

Мұндайды бұрын-соңды көріп пе еді,  
Апыр-ау,

өмір неткен көрікті еді?!  
Таң қалды  
қарсы алғанда Светлананы  
Гүлімен «Салюттегі» серіктері.

Дауысы коңыраудай дірілдейді,  
Баяғы жарқын жүзбен күлімдейді.  
Жер де ме,

ғарышта ма неткен ғажап,  
Айырма сезілмейді,  
білінбейді.

Осы ой ана жанын жұбатады,  
Бүр жарып,

жүрегі де гүл атады.  
Қарайды көзін алмай экраннан  
Дегендей өз-өзіне:

«Шыда тағы?»

## VI

Диктордың зор дауысы салтанатты,  
Аралап кетті лезде шартарапты.

«Советтік ірі жеңіс Космостағы! —  
Деген сөз ананы оқыс жалт қаратты.

Парашют көк төсінде қалықтайды,  
Ал, диктор сабырсыздық танытпайды.  
Таусылып бара жатыр бар тағаты,  
Қимылсыз қарайды ана,  
жалықпайды.

«Қыранның көкке осылай ұшты көбі,  
Қарсы алып оралғанда, құшты елі.  
«Салюттің» экипажы белгіленген,  
Аман-сау, жер бетіне түсті!» — деді.

Жаңалық болады деп тағы қандай,  
Жүрген-ді бірнеше күн дамыл алмай.  
Ал бүгін жұрт қарсы алған қызын көріп,  
Жүрегі қуанғаннан жарылардай.

Заңғарда өлім менен өмір қалқып,  
Еңсесі көтермеді көңіл шалқып.  
Тигенде қыз табаны жұмыр жерге  
Өн бойы сала берді жеңіл тартып.

Төсінде тың даланың бір шоғыр ел  
Қарсы алды сұңқарларды гүл шоғымен.  
Ал, қызы қолдарын ап мәз болады,  
Солармен бірге ілесіп, күлсе күлген.

Риза таңы тыныш атқаны үшін,  
Риза қайсар қызын тапқаны үшін.  
Ананың мейірімді жанарында  
Алаулап оты ойнады мақтаныштың.

Жол салған Жермен Космос арасына  
Риза Қазақстан даласына.



Отаны — тың өлкенің,  
алтын дәннің,  
Достықты жұрт табады дәл осында.

Көтерген телегейдей тың арнаны  
Көруге қазақ жерін құмар бәрі.  
Гагарин тұңғыш ұшқан  
Байқоңырдан  
Самғайды талай ғарыш қырандары.

Тайсалмас батырдайсың күрестегі,  
Достықтың тың төсінде гүлі өсті, әні —  
Мекені Еңбек,

Ерлік — Қазақстан,  
Сүйеді айнымастан жүрек сені!

Елжіреп осылайша тебіренген,  
Көрінді көтеріңкі көңілі өрден,  
Жүзіне қан жүгіріп,  
жан жадырап,  
Ана да күдікті ойдан жеңілденген.

Білмесе ел өсу жолын бұрын қанық,  
Ерлігін енді қыздың ұғынды анық.  
Жарқырап Темірқазық жұлдызындай,  
Тұр бүгін бар әлемге жымың қағып.





**КЫЗЫЛ ТУЫМ БИКТЕ  
ЖЕЛБІРЕГЕН**

Қасиетті,  
    қадірлі сүйікті елім,  
Аспанында қырандай биіктедім.  
Құндақ болып аялы алақаның,  
Күнмен бірге өмірге күліп келдім.

Берекелі туған жер,  
    алтын далам,  
Көлдерін бар қаздарың қаңқылдаған.  
Құлан жортқан кешегі мекен емес,  
Өз бақытын бойыннан әркім табар.

Көсемнің өсиеті санасында,  
Халқыма не қазына,  
    бар асылға.

Құшақтары айқасып бір-бірінің  
Тауып жатыр достықты дәл осында.

Кім сүймейді күрескер елді кемел?!  
Мұнда туған өміршіл ерлік өлең.  
Болашаққа қол бұлғап тұрғандайын  
Қызыл туым биікте желбіреген!

#### ТЫНЫШТЫҚ БОЛСЫН ӘЛЕМДЕ

Жамыраса аспаннан күн шуағы,  
Бүрін жарып,  
                                жайқалып гүл шығады.  
Сары масақтар самалмен ырғалғанда,  
Табиғаттың естілер тылсым әні.

Қырандардың ұнатам ерлік үнін,  
Көлдің сүйем кіршіксіз мөлдірлігін.  
Тыныштығын тілеген жер бетінің  
Өлеңіме қосамын елдің жырын.

Күн еді ақ жауыны сіркіреген,  
Біз келеміз көңілді күлкіменен.  
Жастық шағым тағы да еске түсіп,  
Қытықтайды кеудемді түртіп өлең.

— Тез жетейік думанды отырысқа,  
Маған, жаным,  
                                өзіңді жақын ұста,—  
Дегенімше  
                                көшеден өте бере  
Қағып кетті машина қапылыста.

Ести алмай өмірдің шаттық әнін,  
Шипагер бөлмесінде жатты жарым.  
Ақ желеңді жандардың арқасында  
Тіршілік,  
үміт отын тапты жаным.

Басымнан бір уайым көшті бүгін,  
Дос-құрбылар кіршіксіз тосты гүлін.  
Қайта оралған өмірге анасына  
Менімен бір қуанды қос құлыным.

Ағарса да жарымның кара шашы,  
Шипа қолдан жазылды жарасы осы  
...Нейтрон бомбасы егер жалын шашса,  
Бола алады онда кім арашашы?  
\* \* \*

Бөлшектену,  
бөлінуді білмейді,  
Даурығып бір желігуді білмейді.  
Біздің елдің бар әлемге айтары:  
«Бейбіт күннің тыныштығын сүй» — дейді.

Осы тілек болған әр кез ұраны,  
Соны қолдап,  
соны жақтап тұрады.  
Үлкеннің де,  
кішінің де бұл деген —  
Күнделікті айтар шексіз жыр-әні.  
\* \* \*

Алып емен — елімнің бүршігі едім,  
Қалай ғана ренжіп,  
күрсінемін.

Алғаш атом бомбасы жарылған күн —  
Алтыншы август дегенде,  
түршігемін.

Бұл жайменен менің де халқым таныс,  
Естіледі бүгінде жарқын дауыс:  
— Жан түршіте шошытқан қаралы күн —  
Қайталанып жүрмесін Алтыншы Август!  
\* \* \*

Осынау бейбіт,  
Осынау тыныш заманда  
«Жұлдызды соғыс»  
Керек пе барша адамға?  
Осыны ойлап тапты екен кімдер ұялмай,  
Жұлдызды көрсем,  
Нұр оты ойнар жанарда.

Төсінде көктің  
Жұлдыздар тұрса жымыңдап,  
Жарық ап содан  
Адамның жаны жылынбақ.  
Соғысқұмарлық жеткізді кімді мұратқа? —  
Іске аспай ойы,  
Кесапатқа үлкен ұрынбақ.

Жұлдыздар кімге тигізіп жатыр зиянын,  
Жымыңдап көкте,  
Шашады жерге шуағын.  
Әрбірі жеке мемлекеттей дара тұр,  
Қараған жанның өсірер ой мен қиялын.

Жолаушы ұзақ жер шарлап жүрсе аралап,  
Алса да оң-сол,  
Бағытын барлап, даралап,  
Адасқан кезде,

Қараңғы түннің ішінде  
Жол табатын-ды  
Жұлдызды көкке қарап ап.  
«Жұлдызды соғыс ашамыз» десін жұлқына,

Бермейміз жолды соғысқұмарлар ыркына.  
Мәңгілік ғұмыр —  
Бейбітшілік пен Махаббат!  
Қамқор боп оған  
Қараймыз әлі ынтыға.

\* \* \*

Үш бұрышты хаттар мені таңдапты,  
Тозған әбден,  
жыртылуға сәл қапты.  
Түсіреді сұрапылды есіме,  
Келтіреді көз алдыма солдатты...

Соғыс жылы келген сонау шалғайдан  
Күнге күйіп,  
жапырақтай сарғайған.  
Үйіндегі асыл заты әжейдің —  
Хаттар ғана,  
көңіл содан марқайған.

Ажал сеуіп тұрғанда Отан жаулары,  
Кетті әуелі қан майданға жан жары.  
Одан кейін өз еркімен сұранып  
Ұлыаттанды,  
ол да әкеден қалмады.

...Есімдерін жүрегінде ел сақтады,  
Ерліктерін жыр жолындай жаттады.  
Ал, бүгінде алтындалған әріппен  
Ескерткіште жазулы тұр аттары.

Ауылдағы жұрт құрметтер жан сыйлы —  
Әжей бастан өткізіп жүр сан күйді.  
«Отан аман болсыншы,— деп — әрқашан»  
Хаттарды ұстап төсегінде қалғиды.

\* \* \*

Шайқасқан қан майданда ерлікпенен  
Ауылда ағамыз бар Бейбіт деген.  
Талқандап жау ордасын өз жерінде  
Бір қолын Жеңіс үшін беріп келген.

Кемдігін сол қолының білдірмеді,  
Жылжытты шұғылалы күнді ілгері.  
Атсын деп ақ армандай арайлы таң  
Жанарын күндіз-түні бір де ілмеді.

Ол өзі кеуде қағып лепірмеді,  
Жек көрді жұртты ұрсып, жекіргенді.  
Білікті басшы болды ер жауынгер  
есіркеп жесір менен жетімдерді.

Қабак шытпай,

моншақтап тер төккенде,  
Бөледі жердің бетін өрнектерге.  
Жауына қаһар төксе қан майданда  
Дастасты бейбіт күнде еңбекпен де.

От шашып қыран құстай қос жанары,  
Майдандас жолдастарын еске алады.  
Жас ару бір жыл жетпей жесір қалып,  
Демеді жетім болсын жас баланы.

Көрмесін деп тілеумен жұрты қайғы  
Бойдағы бұла күші бұрқырайды.  
...Оқтың даусын естісе,

әлі күнге

Орыны шолақ қолдың сырқырайды.





Қазақтың қайсар ерін көпшілікке  
Мынадай ән арқылы таныттырды:

«Қар жамылған кең дала қанға бөгіп,  
Күрілдейді сұраспан өлім төгіп.

Жас қазақ,  
Мұрттай ұшты уралап.

Сол бетінде жан берді ол тұрмады,  
Ары үшін,  
елімнің боп құрбаны.

Жас қазақ,  
Жатты көзі от жайнап...»

Сықырла, ерекше әннің ырғақтары,  
Жүректі баурап алып,  
құндақтады.

Адамның жан дүниесін шымырлатып,  
Ерлікке шақырғандай солдаттарды.

Желпініп киіз үйдің түндігіндей,  
Жауынан қаймығуды жүрді білмей.  
«Жас қазақ» әні бүгін естіледі,  
Жеңістің ел аңсаған гимніндей.

Перзентхана.  
Жас ана әл үстінде,  
Көп қан кетіп,  
айналды хал мүшкілге.  
Баласы аман.  
Ал өзі сұлық жатыр,  
Шешімін тез тапқан жөн әр істің де.

Дәрігер айтты:

— Қан керек,

адам қаны,

Қан дәл келсе, ананың қалар жаны.

Осы сөзді ескертті сыртқа шығып,

Анталаған бір шолып адамдарды.

Ауыр халін мұңая көріп тегі,

Бірге істейтін сауыншы серіктері:

Орыс,

қазақ,

украин,

азербайжан

Терезеге жақындап, төніп келді.

Тағат таппай жайыла, жанталаса

Көз тастайды әйнектен анталаса.

«Менің қаным дәл келер» —

дейді бәрі,

Жас дәрігер бұл жайға таң-тамаша.

Достық сырға дәрігер анық қанды,

Жас анаға қарауға жалықпады.

Талықсыған бір жанды осылайша

Достық қаны ажалдан алып қалды.

Жаңа қан жас анаға ғұмыр екті,

Жүрегі қайта соғып,

Шымыр етті.

Небір абзал адамдар достығынан,

Күш бар ма бұл өмірде күдіретті?!

Бұл жайға ана ерекше толғанады,

Мол махаббат — жүрекке орнағаны.

Адал ниет,

достықтың айғағы деп

«Досберікбөл» атады сол баланы.

## ТЕРЕК

Тоқырауынның бойынан  
Көруші ем жалғыз теректі.  
«Сартерек» аты қойылған  
Тұлғасы,  
түрі бөлек-ті.

Толағай сынды алыптай,  
Басына тауды көтерген.  
Ән салып құстар жалықпай,  
Бұтағын тербеп өтер жел.

Мөлдір су,  
жұпар көк шалғын,  
Етегі ұшқат,  
калып, тал.  
Ынтасы ауып көп жанның  
Көрмесе көңіл сағынар.

Аймалап көктен арай күн,  
Жапырағын төсеп жауынға,  
Құлпырыптұрды талай жыл,  
Иілмей сансыз дауылға...

Өмірде не бар мәңгілік?  
Күндердің ұқсас,  
ғажабы-ай!  
Аспанның төрі жаңғырып  
Ойнайды кенет нажағай.

## АҚҚУ КҮЙІ

*Нұрғиса Тілендиевке*

Бастағы ой,  
көңілдегі күй легі  
Ақ айдынға назарыңды қи деді.  
...Қоғалы көл жағасына жетті олар  
Аққу жайлы түсірмекке киноны.

Жүрегіне ұялатып мол жырды,  
Құшағында қуаныштың ол жүрді.  
Асай-мүсей құралдарын реттеп,  
Жайлы орынға жайғастырып қондырды,

Бәрі асыға күткен еді шат күнді,  
Ойдағы істі орындайтын шақ туды.  
Маңғазданып режиссер бұйырды:  
— Айдын көлге жіберіңдер аққуды.

Еркін жүзсе көңіл қошын табатын  
Айдын еді тауысқан бар тағатын:  
Құс еркесі — кербез, сырбаз қос аққу  
Суға жайып, сілкіледі қанатын.

Шыққандай-ақ құндақтаулы жөргектен,  
Су бетінде салды әшекей өрнектеп.  
Тигеннен соң өздеріне еркіндік  
Қоға ішіне жайлап жүзіп енді ептеп.

Бұл қылығын киношылар құптады,  
Қос аққудың ойын бірақ ұқпады.  
Қоға ішінен мекен-жайын тапқандай  
Содан қайтып кербез құстар шықпады.

Тап болғандай көп ансаған тұраққа,  
Кіргендей-ақ жаны жайлы жұмаққа,

Айғай салып үркітсе де адамдар,  
Шықпай қойды қос сұлу құс бірақ та.

Қоғажайға көз назарын түсірген  
Құстар жайын жалғыз жан бар түсінген.  
Өзіне тән сабырлылық танытып  
«Басқа амал керек» — деді ішінен.

— Қатқыл дауыс баурап еді қай бойды?  
Ұнатпайды сұлу құстар айғайды.  
Қайыққа мен отырып ап күй шертсем,  
Қос аққуды,  
    бәлкім,  
    әуен арбайды...

Қайық жылжып,  
    қоға жаққа тақады,  
Қос ескегі бір шығып,  
    бір батады.  
Шақырғандай қос аққуды күй шертті,  
Сазды сырға үн қатпай кім жатады?

Ойларына келмегенмен тез шығу,  
Күйді естіп өз әуенін қосты қу.  
Сикыр үнмен тіл қатқандай табиғат,  
Маңғаз жүзіп шықты айдынға қос сұлу.

Күй — тіршілік,  
Күй — махаббат,  
Күй — өмір,  
Жақсы күйді жан-тәніммен сүйемін —  
Адам тұрсын,  
    айдындағы ғажайып  
Дір еткізген қос аққудың жүрегін.

## АҢЫЗ — ӨЛКЕ

Жезказған,  
                  жезді өлкем,  
                                алып мекен,  
Ертеде бағың мұндай жанып па екен.  
Октябрь шұғыласы нұр шашқанда  
Түледің қайта туған халықпенен.

Ойлайтын болашақты,  
                                әр істі кең,  
Жер қазса,  
                                кеніш көзі — табыс кілең.  
Таратқан кең әлемге атағыңды  
Көргендей болам дана Қанышты мен.

Күн кеше көшіп-қонып бабам жүрді,  
Ал бүгін дүбірледі далаң гүлді.  
Ғарышқа бағыт алған Байқоңырдан  
Көргендей болам Юрий Гагаринді.

Ұқсайтынаяулы ару алқасына,  
Толқынды көл жетпейді Балқашыңа.  
Көк серке,  
                                табан балық,  
                                ақ сазанды,  
Тартады қонағына марқасын да.

Жезказған, —  
                                жезді мекен қазыналы,  
Қойнауың толған шежіре,  
                                аңыз әрі.  
Өзіңнен сапар шеккен кен керуені  
Ғасырдан ғасырға әлі созылады.



\* \* \*

Көз жазып шаттығынан шаңырағың,  
Жаным-ай,  
    ұялады-аужаныңа мұн.  
Ойда жоқ қосағымнан айырылып  
Деп пе едің қара орамал жамыламын.

Сұм тағдыр қамшысымен осып өтті,  
Қайратты ең қайыспайтын,  
    жасық етті.  
Суық жер құшағына тартып алды,  
Ешкімге қимасынды қасиетті.

«Тәңірге керегі не құлшылықтың,  
Қосақсыз қызығы жоқ тіршіліктің» —  
Дегенмен,  
    енді әке-шешесі өзін,  
Көзі боп артта қалған бір шыбықтың.

Көңіл сәл,  
    соны ойласаң, жай табады,  
Қайғының бетін әрі қайтарады.  
Өсірсең азамат қып  
    ертең елің  
Тұяқ деп ерден қалған айтар әлі...

\* \* \*

Іштерінде жігіт бар ақын жанды,  
Бозбалалар бір қызға жақындады.  
Бәрі сайдың тасындай шеттерінен,  
Сөз бастады алдымен батылдауы:



— Мақсатыма көздеген жетер едім,  
Ауырлықты атанша көтеремін.  
Керек болса,

бір сенің күлкің үшін  
Алатауды арқалап өтер едім!

— Не қиындық болса да көрер едім,  
Сендей жанға мен де ынтық өрен едім.  
Дарияның түбінен маржан алып  
Алқа тағып қолымнан берер едім!

— Бір күлсеңші,  
сәулешім,  
шырайланып,  
Заман жақсы,  
орынсыз мұңаймалық.  
Өкпемді ұстап қолыма өзің үшін  
Шығар едім жер шарын шыр айналып.

Бәрі күтіп жауаптың тұр керегін,  
Ал, ақын ба мұндайда іркер өзін:  
— Сен менің гүл жазира бағым болсаң,  
Мен сенің бұлбұлың боп жыр төгемін! —

Тіл қатты ақын ғажайып сыршыл үнмен,  
Қыз ибалық білдірді қымсынұмен.  
Ал, достары бір сәтке үнсіз қалды,  
Сүйсіне әрі қызғана күрсінұмен.

## ТОҚЫРАУЫН ТАСЫҒАНДА

Тоқырауын тасығанда,  
Қорықтым мен,  
жасыра алман.

Әлі есімде, тұрды сол кез  
Өше жаздап асыл арман.

Мен артында,  
Әкем алда,  
Мектеп үйі күтеді алдан,  
Арғы бетке өту үшін  
Қарғытты атты тіке жардан.

Ағын қатты,  
алып кетті  
Қазандай сең қағып өтті.  
Тасқынға асау беріспей ат  
Жағалауға талып жетті.

Жүзіп өтіп тереңінен,  
Өз күшіне сене білген  
Алып қалды кертөбел ат  
Әкем менен мені өлімнен.

#### ЖАҢА ЖЫЛ

Жаңа жыл —  
әппақ ақ тілек,  
Аспаннан жауған ақ қар ғой.  
Думанды жұртқа бақ тілеп  
Ұшқындап, лаулап жатқандай.

Жаңа жыл —  
ашық көк аспан  
Ақша бұлт жүзген мамықтай.  
Қия бел,  
асу ел асқан  
Адыммен аршын алыптай.

Жаңа жыл —  
    піскен жемістер,  
Бұтағын иген ғасырдың,  
Лениндік дана ой,  
    жеңістен  
Жарқырап шыққан асыл күн.

Жаңа жыл —  
    жарқын болашақ,  
Ататын таңдай арайлы,  
Үмітпен алға қарасақ,  
Ыстық қан бойға тарайды.

Жаңа жыл —  
    дәптер ашылған,  
Жаңаша тұрар тараудан.  
Жиырма бірінші ғасырға  
Зымырандай ұшқан ақ Арман.

### СЫЙҒА СЫЙ

Шығармасын құмарта  
Халық сүйген көп оқып,  
Дүйім жұртты қуанта  
Толды алпысқа Шолохов.

Құрмет тұтқан адамға  
Арнайтуғын жыр бөлек.  
Лайық сый табарда  
Берер ақыл,  
Кім көмек?

Жүзі күндей нұрланып,  
Ғабең ақыл беріпті:

— Жазушыға сыйлайық  
Бір ақбота көрікті.

Үзілмейтін арасы  
Салт бар қалған атадан:  
Қыз туса егер анасы,  
Ботакөз деп атаған.

Бота аңсаса анасын,  
Нәзік үнмен боздайды.  
Елтіп сен де қаласың,  
Сезіміңді ол қозғайды.

Ақбота — бұл ақ арман,  
Ақ кептердей түс-өңі,  
Сағыныштан жаралған  
Игі тілек нышаны.

Көптен аңсап тапқан бір  
Ажырамас құшағы  
Ақбота — бұл ақ көңіл  
Достықтың да нышаны.

Сұлулық пен тазалық  
Жиналған бір бойына  
Болсын бұл — сый,  
                                базарлық  
Жазушының тойына.

Ақбота іздеп табындар,  
Ақ болсын ай нұрындай.  
Жүрегімен қабылдар  
Халықтың сый,  
                                жырындай!..

— Үлкен құрмет маған бұл —  
Деді толқып Қаламгер.  
Сүрінбесін қадамың,  
Қайда жүрсең, аман бол.

Ақботадай жаны аппақ  
Ағайыннан айналдым!  
Тұр ғой көзі алақтап,  
Қайтып мұны байлармын?

Бір міні жоқ көркінде,  
Өссін ертең тайлақ боп...  
Жүре берсін еркінде  
Ен далада ойнақтап.

Беріліп бір сезімге  
Бас шұлғиды мырза жұрт.  
Ал, жазушы көзінде  
Тұнып тұрды ырзалық.

\* \* \*

Қалайша көрсетеміз жеңіл қылық,  
Ойларға тұрған кезде көңіл тұнып.  
Елдерді араласаң,  
                        жолға шығып,  
Молырақ түсінесің өмірді ұғып.

Әуелде көргеніңмен алыс бәрін,  
Жақсы ғой адамдармен табысқаның.  
Жер бетін қыран құстай шарлап өтсең,  
Білесің көп екенің таныстарың.

## ҚЫРАН ТАҒДЫРЫ

### I

Үрпек жүнді бала қыран,  
Ұясыалыс — шың басында.  
Жалын шашқан жанарынан  
Алтын кірпік күн қасында.

Сарғаюмен күн бататын,  
Туғаннан-ақ жалғыз еді.  
Көңіл бөліп,  
сырласатын  
Серік болар жанды іздеді.

Жүрген досы тілеп іштен,  
Дәл қасынан табылғаны.  
Бала қыран қуанышпен  
Құшақ жая қабылдады.

Атқан шақта дала таңы  
Таранды да қанаттарын,  
Қараторғай балапаны,  
Берді жайлап сұрақтарын:

— Қалің қалай, қарашығым?  
Айтар сөзің бар ма, қыран?  
— Мұзбалақтың баласымын  
Көк төсінде салған ұран.

— Бақыттысың, онда бар ғой,  
Бұл сөзіме, мейлі, күл сен.  
Шың басына қонбаған ғой,  
Ата-бабам менің, білсең.

— Қосылмаймын бұл сөзіне,  
Жағымпаздай маймақтама,  
Тамақ тасып күнде өзіне  
Жүрген жанды ғайбаттама.

Ұзақкүнге көрмей тыным,  
Жемді үздіксіз тасиды олар.  
Сондықтан да сенде,  
  кұрбым,  
Жан рахаты басым болар.

Ата-анамды алам еске  
Жаутаң-жаутаң саған қарап.  
Екі-ақ рет —  
  таң мен кеште,  
Береді олар маған тамақ.

...Күндер жылжып өтіп жатты,  
Күткен алда ауыр сын бар.  
Бала қыран қанат қақты,  
Қатайды да қауырсындар.

Ер жеткенін баласының  
Көріп көңілі жұбанады.  
Айтты сонда ана сырын,  
Одан әрі шыдамады.

— Сөзге зейін сала тыңда,  
Үйретемін енді ұшуды.  
Отыр,— деді — қанатыма,  
Байқайын бір мен күшіңді!

Баласына  
  үміт күткен,  
Орындауға ойдағы ісін,

Көтерілді биіктікке  
Саңк еткізіп зор дауысын.

Арқасында — бала қыран,  
Самғап ұшып қалықтады.  
Қатаңдық бар қабағында,  
Қатулылық — танытқаны.

Балапанын арқадағы,  
Төмен қарай домалатты.  
Ұшуға аздап бар талабы,  
Жайлап қақты ол қанатты.

Бірден самғап кете алмай  
Дір-дір етіп қанаттары,  
Анасына жете алмай  
Қорқынышпен алақтады.

Сезді-дағы жасқанғанын,  
Оралды ана баласына.  
Самғап кетті аспанға әрі  
Отырғызып қанатына.

Көтеріліп жоғары тік,  
Жұлдыздайын ағылады.  
Төмен тағы домалатып  
Қақпақылдай қағып алды.

— Ұшуға бел буғаннан соң  
Қос қанатың талмау керек.  
Қыран болып туғаннан соң  
Биікте тек самғау керек!

Төмен қарай лақтырды,  
Балапанын Ана қыран.



Бір шолды да қырат, қырды,  
Самғап ұшты Бала қыран.

Қайсарлық бар,  
батылдық бар,  
От шашады қос жанары.  
Табиғатпен жақындық бар,  
Неден қорқып, жасқанады?!

Бірде аспанға көтеріліп,  
Бірде төмен құлдырайды.  
Көз ұшында от өріліп  
Бұйрат,  
белдер бұлдырайды.

Ісіне жоқ өкініші,  
Еркін ұшты көк төсінде.  
Торғайға айтқан өтініші  
Осы бір сәт түсті есіне.

«Білмеген соң сұраппын ғой,—  
Деді іштей ол өзіне.  
Ашық аспан ұнап тұр ғой,  
Самғамасам сеземін бе?»

Алтын күннің шуақ көзі,  
Шомылдырды нұрға мала.  
Мақтанатын сияқты өзі  
Қыран болып туғанына.

## II

Қыран болып балақтанды,  
Қаймығуды жүрді білмей.  
Сала құлаш қанаттары  
Киіз үйдің түндігіндей.

Өткір найза — тұяқтары,  
Дайын бүріп,  
кадалуға.

Жіті шолып қыраттарды  
От ойнайды жанарында.

Төрт аяқты аң жерде жүрген,  
Сусып қашып, сытылмады.  
Болат тұяқ шенгелінен,  
Көзге іліксе, құтылмады.

Күші мығым,  
Қанат қатты.  
Риза өзі қайратына,  
Айқасуға жарап қапты  
Дайын жауын жайратуға.

Сондай жауы — қасқыр еді,  
Жердегі аңды дүрліктірген.  
Кездесер сәт жақсы келді,  
Күн де туды шын бір күткен.

Көзі шалды шың басынан  
Көк арланды жазықтағы.  
Жай қараумен тұрмас қыран,  
Қос қанатын жазып та алды.

«Менің қыран екенімді,  
Айқасқанда арлан білер!»  
Көк төсіне көтерілді,  
Бойы — қайрат, толған жігер.

Азулы арлан көз ұшында  
Ноқаттай боп бұлдырады.  
Ерік бермей тез ұшуға  
Төмен қарай құлдырады.

Зымырады оқтай болып,  
Азулы арлан — нысанасы.  
Көзі қызыл шоқтай жанып,  
Жақын қалды екі арасы.

Атқан оқтай зымырады,  
Екпінінен жел еседі.  
Ал, арланға бұрындары  
Қыран бейне елес еді.

Қуыс та жоқ жерге кірер,  
Кетті лезде жан тынышы.  
Талмай еңіс,  
өрте жүрер  
Болмайтын дем алқынысы.

Болат шеңгел қадалды да,  
Жерге арланды тұқыртқаны.  
Ағызды қос жанарын да,  
Тұмсығымен шұқып тағы.

...Сырлы дүние — кеңістікте  
Қыран еркін сезінеді.  
Басын тігіп ерлік іске  
Анда-саңда көз іледі.

### III

Кәрілік кеп, сол дәурені,  
Көз алдынан бір-бір ұшты.  
Дене ауырлап,  
болды әурелі,  
Көреді тек бұлдыр түсті.

Жәй тіршілік бастайтын-ды,  
Қалмаған соң басқа амалы.

Көктен төмен тастайтын-ды  
Іліп алып тасбақаны.

Таска тиіп,  
Тас қабығы,  
Быт-шыт болып бөлінетін,  
Қорек алып аш қарыны,  
Жүрек жалғау көрінетін.

Түнліктейін қанаты бұл  
Еркіне енді көнбейтіндей.  
Жанары оттай жанатұғын,  
Болушы еді сөнбейтіндей.

Тұяқтары жарқылдаған,  
Болат семсер сияқты еді.  
Дауысымен саңқылдаған  
Оятатын қырат, белді.

Жетер мұрат, арманына,  
«Ерлік» деген ұранменен.  
Қарға болып қалғаны ма,  
Аты қайда Қыран деген?!

Дүниені еркін жайлап,  
Кең әлемде ұшқан дара...  
Алдап, арбап сыйқырлы аймақ,  
Аулай ма енді тышқан ғана?

Мұндай күйден аулақ алып  
Дұрыс бойын ұстаған да.  
Қаһар төгер жауға барып  
Қандай қайрат, күш бар онда?

Кешегі ерлік, заман өтті,  
Қайратына таңдай қағар.

Жей ме өлексе, арам етті  
Бар қандай жол,  
Қандай амал?

Жанарының жалыны өшкен,  
Көре алмайды алысты да.  
Қалды дүрмек,  
                          қалын көштен,  
Сала алмайды таныс жырға.

Ұнатпайтын құлшылықты  
«Қыран» деген аты қайда?  
Қызған думан,  
Тіршілікті  
Отырып жай бақылай ма?

Көруге тек келмеген-ді  
Қайнап жатқан бұл өмірге.  
Жан қысылып  
                          терледі енді,  
Салмақ түсіп жүрегіне.

Ешбір шара,  
Қалмады амал,  
Болмай бұлай етпесіне:  
Қос қанатпен талмай қағар  
Көтерілді көк төсіне.

Шырқау көкке көтерілді,  
Санқ еткізді үнін бір сәт.  
Қос жанардан от өрілді,  
Сәл сейіліп бұлыңғыр шақ.

Бұл үнді естіп елпектеді  
Аң-құс біткен аймақтағы.

Қыран көкті өрнектеді  
Көрсетті де қайрат тағы.

Бірде аспанға көтеріліп,  
Бірде төмен құлдырады.  
Көз ұшында от өріліп  
Бұйрат,

белдер бұлдырады.

Бұлдырады ақырғы рет,  
Бар табиғат —

көз алдында.

Токтайтынын батыл жүрек  
Қыран бастан сезе алды ма?..

Шырқау көктен құлдырады,  
Болғандайын бір әбестік.  
Қайғысына шың жылады.  
«Өле ме деп қыран өстіп?»

Қыран өлді...

Аңыз қалды

Тағдырының дастанындай,  
Ақын жүрек жазып алды,  
Ерлік жырдың бастауындай.



## МАЗМҰНЫ

### ПОЭМАЛАР

Оның бақыт жұлдызы . . . . .	5
Он тоғызыншы биіктік . . . . .	16

### ӨЛЕНДЕР

Қызыл туым биікте желбіреген . . . . .	26
Тыныштық болсын әлемде . . . . .	27
Ерлік әні . . . . .	32
Достық күші . . . . .	33
Терек . . . . .	35
Аққу күйі . . . . .	36
Аңыз — өлке . . . . .	38
«Үні тынбай күнұзақ» . . . . .	39
«Ғасырды қойғаны ма» . . . . .	39
«Көз жазып шаттығынан» . . . . .	40
«Іштерінде жігіт бар» . . . . .	40
Тоқырауын тасығанда . . . . .	41
Жаңа жыл . . . . .	42
Сыйға сый . . . . .	43
«Қалайша көрсетеміз» . . . . .	45
Қыран тағдыры . . . . .	46

**Женис Кашкинов**

**ДЕВЯТНАДЦАТАЯ ВЫСОТА**

*Поэмы, стихи*

На казахском языке

Редактор *В. Исаков*  
Художник *К. Тлегенов*  
Художественный редактор *Б. Аканов*  
Технический редактор *Н. Сайфуллина*  
Корректор *Ж. Нургожина*

ИБ № 3713

Теруге 10.11.87 жіберілді. Басуға 06.04.88 қол қойылды. УГ19082. Қалпы 70Х901/32. № 2 баспа қағаз. Қаріп түрі «Әдеби». Шығынқы басылыс. Шартты баспа табағы 2,05. Шартты бояу көлемі 2,33. Есепті баспа табағы 2,14. Тиражы 2600 дана. Заказ 1302. Бағасы 20 т.

Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеттің Халықтар достығы орденді «Жазушы» баспасы, 480124, Алматы қаласы. Абай проспектісі, 143-үй.

Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеттің «КІТАП» полиграфиялық кәсіпорындары өндірістік бірлестігінің билет-бланк және жедел өнімдер баспаханасы, 480016, Алматы қаласы, Карл Маркс көшесі, 15/1-үй.



20 r.